



Автор: Орынбаева Айтолкын Саттаровна

Пән: География

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Халық географиясы

Тақырып: Демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.4.1.3 елдердің демографиялық жағдайын талдап, демографиялық көрсеткіштерін есептейді: халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар : • Елдердің жас- жыныстық көрсеткіштерді талдау • Дүниежүзі халқының ұлттық және діни құрамын анықтау
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Елдердің демографиялық көрсеткіштеріне талдау жасайды (оқылым, айтылым) Пәнге қатысты арнайы лексика мен терминология: халықтың жастық-жыныстық құрамы, халықтың жас- жыныстық пирамидасы халықтың ұлттық құрамы, діни құрамы Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтама Дүниежүзінде ер адамдар саны басым.....,әйел адамдар..... Ұлттарды топтастыру.....
Күтілетін нәтиже:	оқушының жаңа тақырыпты толық түсінуі
Бағалау критерийлері:	Оқушылар: • Халықтың жастық жыныстың құрамы мен құрылымын анықтайды • Жастық- жыныстық пирамидаға талдау жасайды • Дүниежүзі халқының ұлттық және діни құрамын анықтайды, талдайды.
Құндылықтарды дарыту:	Бұл сабақ оқушыларды академиялық шынайылық, топтық жұмыс кезіндегі ұйымшылдық, жауапкершілік, көшбасшылық дағдыларын дамытуға бағыттайды
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Биология, физика, математика, информатика
Бастапқы білім:	Оқушылар Халық географиясы тақырыбын «7.4.1.1 халықтың қоныстану заңдылықтарын анықтайды және түсіндіреді; 7.4.1.2 халық тығыздығын анықтайды және көрсеткіштеріне баға береді; 7.4.1.3 дүниежүзі халқының нәсілдік, этникалық және діни құрамын анықтайды және таралу аймақтарын картадан көрсетеді» оқу мақсаты бойынша оқыды. Оқушылар халықтың қоныстану ерекшеліктерін біледі, халықтың тығыздығын анықтай алады, нәсілдік, этникалық, діни құрамын ажыратып, сипаттама бере алады

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (4-10мин)	1. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныппен сәлемдесу. 2. Тақтаға сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттары көрсетіледі. Видео көрсетіледі. https://twig-bilim.kz/kz/film/demographic-transition-model 5e281cc07a9c7.png Image not found or type unknown 3. (С) Мәтінмен жұмыс. 1- тапсырма. Халықтың белгісі бойынша құрамы мен құрылымы кестесін te9291b33635f3.png Image not found or type unknown 2- тапсырма. Халықтың жас- жыныстық құрылымына талдау жасаңыз. Қосымша сұрақтар: Неліктен бүкіл әлемде қарт адамдар тобы құрылымында әйелдер басым? Халықтың құрылымындағы балалар үлесінің қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар? Дескриптор Оқушылар □ Халықтың белгісі бойынша құрамы мен құрылысын анықтайды □ Халықтың жас- жыныстық құрылымына талдау жасайды.	5e281cc07a9c7.png Image not found or type unknown Twig-bilim.kz
Сабақтың ортасы (11-20мин)	4.(Д) Диаграммаға сәйкес берілген деректерге қарап, сұрақтарға жауап беріңіз 5e281b33635f3.png Image not found or type unknown А) Келесі мәліметтерді пайдаланып графикті толтырыңыз жасыерлерәйелдер10-1463961070-74106179 Б) Халықтың жас ерекшеліктеріне қарап, әйелдердің ең көбі қай жастағылар екенін көрсетіңіз В) Алдағы уақытта пирамида формасының өзгерісіне болжам жасаңыз. Қосымша сұрақ: Әлемдегі ер адамдар мен әйел адамдардың арақатынасын анықтаңыз. Дескриптор Оқушылар □ Қазақстан халқының жас- жыныстық көрсеткіштері арқылы жас- жыныстық пирамидасына талдау жасайды. □ Қазақстан халқының болашақтағы өзгерісіне болжам жасайды 5.(Д)Тапсырма: Берілген елдерді ұлттық құрамы бойынша анықтап, тиісті орнына орналастырыңыз. Сұрақ: Елдің экономикалық дамуында елдегі халықтың ұлттық құрамының әркелкілігі қаншалықты әсер етеді? 6. (Ж) Дүниежүзі халқының ұлттық құрамын және діни құрамын анықтау үшін тірексызба дайындау Дескриптор Оқушылар □ Әлем халықтарының сандық және тілдік ерекшеліктеріне байланысты топтастырады. □ Әлем халықтарының діни халықтарының діни құрамы бойынша топтастырады. 7. Қорытынды. 8. Мұғалімнің кері байланысы Оқушының өзін- өзі бағалауы: Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін blob ағашындағы өз орнын айқындайды..	
Сабақтың соңы (2мин.)	үй тапсырмасы 2 жұлдыз, 1 тілек	
Рефлексия (1мин)	Рефлексия 2 жұлдыз, 1 тілек	